

## БЕКІТЕМІН

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
«Білім беруді жаңғырту  
орталығы» МКҚК басшысы

С.Мадеев

« 08 » 09 2022ж.

### Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының инновациялық жұмыстарының республикалық байқауының қалалық кезеңінің ЕРЕЖЕСІ

#### І. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы **Ереже** (ары қарай – Ереже) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогикалық қызметкерлердің инновациялық жұмыстарының республикалық конкурсының мақсаттарын, міндеттерін және өткізу тәртібін айқындайды (ары қарай – Байқау).

1.2 Конкурс техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ТжКББ) педагогтеріне және педагогикалық қызметпен айналысатын, кәсіби қызметінде инновациялық білім беру технологияларын әзірлейтін және енгізетін тұлғаларға арналған.

1.3 Байқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша, орындаушылар байқаулары, кәсіби шеберлік байқаулары, спорттық жарыстар бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми конкурстардың) тізбесін бекіту туралы» № 514 бұйрығының негізінде өткізіледі.

1.4 Байқау жыл сайын ұйымдастырылып өткізіледі.

1.5 Байқаудың мазмұны мен рәсімдері тәуекел элементтерін қамтымайды, пайда немесе басқа кіріс алу мақсатын көздемейді, тек ақпараттық сипатта Байқау ережесіне сәйкес өткізіледі.

#### II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТ, МІНДЕТТЕРІ

2.1 Байқау педагогикалық идеяларды, бастамалар мен жобаларды анықтау, сонымен қатар педагогикалық үрдіс үшін құнды болып табылатын ТжКББ педагогтерінің үздік тәжірибесін қорытындылау мақсатында өткізіледі.

2.2 Байқау міндеттері:

- инновациялық білім беру идеяларын, бастамаларын, жобаларын және тиімді педагогикалық тәжірибелерді енгізу бойынша ТжКББ ұйымдары педагогтарының қызметін белсендіру;

- трансляциялау және педагогтардың үздік инновациялық жұмыстарының жалпыға қолжетімді банкіні құру;

- педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ету;

- ТжКББ ұйымдары педагогтерінің кәсіби қарым-қатынас кеңістігін кеңейту.

### **III. БАЙҚАУ МӘНІ**

3.1 Байқаудың мәні – қазіргі педагогикалық технологияларды немесе олардың жеке элементтерін пайдалана отырып оқытудың формаларын, құралдарын, әдістерін ашатын оқытушылардың белгілі бір бағыттағы инновациялық жұмысы (бұдан әрі – Жұмыс).

3.2 Жұмыс ТжКББ ұйымдарының оқу үрдісі үшін құнды болуы, білім беру сипатында болуы және Қазақстан Республикасының заңнамасына, жалпы танылған ғылыми фактілер мен этикалық нормаларға қайшы келмеуі керек.

3.3 Байқауға қолданысқа енгізілген жобалар да, жаңа жобалар (жобалар, бағдарламалар), ғылыми-зерттеу нәтижелері, ғылыми жаңалық, практикалық және коммерциялық маңызы бар басқа да жобалар мен шешімдер ұсынылуы мүмкін.

3.4 Жұмыстар қазақ/орыс/ағылшын тілдерінде ұсынылады.

3.5 Қатысушылар жұмыстарды келесі бағыттардың бірі бойынша ұсынады:

- оқу жұмысы бойынша әдістемелік өнім;
- тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік өнім;
- сандық білім беру өнімі;
- ғылыми-зерттеу жұмысы;
- бағалау қызметі мен кері байланыс жұмыстарының кешені.

3.6 Бағыттар бойынша жұмыстарға қойылатын талаптар осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген.

### **IV. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ**

4.1 Конкурстың құрылтайшысы Қазақстан Республикасы оқу-ағарту Министрлігі болып табылады.

4.2 Республикалық байқаудың қалалық кезеңін өткізу үшін Ұйымдастыру комитеті (ары қарай – Ұйымдастыру комитеті) және Қазылар алқасы (әрі қарай – Қазылар алқасы) құрылады.

4.3 Ұйымдастыру комитеті Байқау туралы ережені, ілеспе құжаттаманы әзірлейді, қатысушыларды тіркейді, Байқауға қатысушылардың тізімін қалыптастырады, хаттамалар дайындайды, ресми интернет-ресурсында, әлеуметтік желілерде Байқау туралы ақпаратты жариялайды, Байқау жеңімпаздарын хабардар етеді, марапаттау рәсімін ұйымдастырады, Байқаудың жариялылығын қамтамасыз етеді, Байқауға техникалық қолдау көрсетеді.

**Байқауды ұйымдастыру комитеті:**

- Алишева И.С.- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің басшысы, байланыс телефоны 8(701)6447318;

- Исина Н.С. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс телефоны 8(701)6447318;

- Сейдахметова Б.К. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс телефоны 8(777)5338769.

## V. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

5.1 Байқауға қатысуға ТЖКББ ұйымдары педагогтарының жұмыстары (меншік нысанына қарамастан) жіберіледі.

5.2 Өтінім берген Конкурса Қатысушы осы Ережемен, соның ішінде Байқауға өтінімдерді өңдеу және беру ережелеріне қойылатын талаптармен келіседі.

5.3 Байқаудағы жетістіктері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «БІ.Алтынсарин», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен марапаттау, «Үздік педагог» атағын беру және педагогтерді аттестаттау кезінде ескеріледі.

## VI. БАЙҚАУДЫ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

6.1 Байқау **2022 жылдың 1 қазаны мен 10 желтоқсаны аралығында 2 кезеңмен** жүзеге асырылады.

6.2 **I кезең** – қалалық.

Байқауға қатысуға өтініштер **2022 жылдың 23 қыркүйегіне дейін** қабылданады. Байқаудың электрондық поштасына **tipokonkurs@mail.ru** қатысушылар келесі құжаттарды жолдайды:

- 1) автордан Жұмыстың қысқаша аннотациясы;
- 2) осы Ереженің «Жұмыстарға қойылатын талаптар» бөлімінде көрсетілген жүктелген Жұмыстың форматына қойылатын талаптарға сәйкес жұмыс істеу;
- 3) қатысушының фотосуреті (файл өлшемі jpg форматында 200 Кбайттан аспайтын);
- 4) осы жұмыстың бірегей сәйкестіндіру белгілерін (болған жағдайда) растайтын қосымша құжаттар қоса беріледі.

Әр бағыт бойынша колледжден **3 (үшеуден) артық емес** жұмыс ұсынылады.

Қазылар алқасы Байқау жұмысын **2022 жылдың 26 қыркүйегінен 29 қыркүйегі аралығында** бағалап, 5 (бес) бағыт бойынша 3 (үш) үздік жұмысты анықтайды.

Байқау қорытындысының хаттамасы Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығының сайтында орналастырылады (<https://astana-modern>).

Республикалық байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздары I, II, III дәрежелі Дипломдармен марапатталады.

6.3. Қалалық Байқаудың Ұйымдастыру комитеті республикалық кезеңге қатысу үшін Жұмыстардың (әр бағыт бойынша 2 (екеуден) артық емес) атауы көрсетілген хатпен қоса қазылар алқасы отырысы хаттамасының көшірмесін **2022 жылдың 30 қыркүйегіне дейін info@tvvet.kz.** электрондық поштасына жолдайды.

Республикалық байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздарының онлайн-өтініштері мен жұмыстары **2022 жылдың 1-15 қазаны** аралығында Байқау платформасында келесі сілтеме бойынша <https://www.kasipkor.kz/prod/rkir/index.php> қабылданады.

6.4. **II кезең** – республикалық.

1 тур – іріктеу (**1 -31 қазан аралығында**): құжаттарды қабылдау және қатысушыларды іріктеу;

2 тур– бағалау (**1 қараша мен 10 желтоқсан аралығында**): жұмыстарды осы Ереженің «жұмыстарға қойылатын талаптар» бөлімінің талаптарына сәйкестігін қарастыру, бағалау және қорытындылау.

6.5. Байқау нәтижелері күнтізбелік жылдың желтоқсан айында жарияланады.

6.6. Қазылар алқасы Байқау қорытындысы бойынша үздік жұмыстарды анықтайды және хаттамасын ресімдейді: 5 (бес) бағыт бойынша 3 (үш) үздік жұмыс.

6.7. Авторлары көрсетілген үздік жұмыстар тізімі Қазақстан Республикасының оқу-ағарту Министрлігінің ресми интернет-ресурсында жарияланады.